



**«Білім беру ұйымының табысты көшбасшысы»  
облыстық байқауының  
ЕРЕЖЕСІ**

Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім беру және ғылымды дамытудың Мемлекеттік Бағдарламасын және «Табысты басшы» жобасын жүзеге асыруда **«Білім беру ұйымының табысты көшбасшысы»** облыстық байқауы өткізіледі.

Байқау жалпы білім беретін және шағын жинақты мектеп (әрі қарай ШЖМ) басшыларының шығармашылығын дамытуға бағытталады.

**Байқаудың мақсаты**

Байқау шығармашылықпен жұмыс жасайтын басшыларды анықтау, қолдау, мадақтау және білім беру ұйымының табысты көшбасшыларын насихаттау мақсатында өткізіледі.

**Байқаудың міндеттері:**

- білім беру ұйымдарының басқарудағы озық тәжірибелерін айқындау және тарату;
- басқару әрекетіндегі инновациялық тәсілдерді қолдану;
- облыстағы білім беру ұйымдарының басқару әлеуетін арттыру;
- білім беру ұйымдарындағы табысты көшбасшылардың деректер қорын жинақтау;
- білім беру ұйымы басшысын әлеуметтік және кәсіби имиджін қалыптастыру;
- білім беру ұйымдарын басқаруды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жетілдіру;
- білім беру жүйесін дамытудағы басшылар беделін арттыру.

Байқауға ҚР мемлекеттік және мемлекеттік емес орта білім беру ұйымдарының: жалпы білім беретін және ШЖМ басшылары қатыса алады.

**Байқаудың өткізілу мерзімі мен тәртібі**

«Білім беру ұйымының табысты көшбасшысы» байқауы *екі кезеңді* қамтиды.

*Бірінші кезең* аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің базасында **2020 жылдың қараша айында** өткізіледі.

*Екінші кезең* облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы базасында **2020 жылдың желтоқсан айында** өткізіледі.

Облыстық байқауға аудандық кезеңнің жеңімпаздары жіберіледі.

Облыстық кезеңге қатысу үшін құжаттар мен материалдарды қабылдау **2020 жылдың 5 желтоқсанына** дейін жүргізіледі.

Байқауды ұйымдастыру мен өткізудің әр кезеңінде ұйымдастыру комитеттері жасақталады және қазылар алқасының мүшелері анықталады. Қазылар алқасы байқаудың келесі кезеңіне (аудандық, облыстық) өтетін жеңімпазды анықтайды.

Облыстық байқауға қатысудың іс-сапар шығыны жіберуші мекеменің есебінен төленеді.

### **Байқаудың мазмұны**

Байқау барысында білім беру ұйымдары арасында жоғары кәсіби құзыретті, шығармашылықпен жұмыс жасайтын мектеп басшылары анықталады.

Байқау келесі үрдістерді қамтиды:

**1. «Табысты білім беру ұйымының заманауи моделі» (уақыты 7-10 минут) онлайн режимде.**

#### ***Бағалау өлшемдері:***

- ✓ инновациялылығы (жаңашылдығы, идеялары және мазмұнының ерекшелігі);
- ✓ практикалық мәнділігі (нәтижелерді жобалауы, жобаны ендіру және тарату мүмкіндігі, ресурстық қамтамасыз етудің шынайылығы);
- ✓ таныстыра алу икемділігі (жобаны ұсыну мәдениеті, аудиториямен өзара әрекеттесу сапасы).

**2.«Басқарудағы менің жетістіктерім» - бейнеролик (уақыты 5 -7 минут) сырттай өтіледі. Бейнеролик 2020 жылдың 5 желтоқсанына дейін [tal.metod@mail.ru](mailto:tal.metod@mail.ru) электронды поштасына жіберілуі тиіс.**

#### ***Мазмұнына қойылатын бағалау өлшемдері:***

- ✓ тақырыпты ашудағы пікір құндылығы;
- ✓ ойдың логикалық сабақтастығы;
- ✓ қорытынды пікірдің болуы;
- ✓ тіл мәдениетіне қойылатын талаптардың сақталуы.

#### ***Техникалық талаптар:***

- Бейнероликтің форматы мен пішімі:
  - рұқсат етілген пішім: MP4, MOV;
  - бір файлдың өлшемі-200 Mb артық емес;
  - бейнероликтің ұзақтығы-10 минуттан аспайды

### **Байқаудың облыстық кезеңіне материалдарды ұсыну тәртібі**

**«Білім беру ұйымының табысты көшбасшысы»** облыстық байқауына қатысушылар төмендегі құжаттарды жібереді:

- ✓ байқаудың бірінші кезеңі қорытындысы бойынша аймақтық қазылар алқасының хаттамасы;
- ✓ облыстық конкурсқа қатысу жөнінде өтініш (қосымша 1);

Материалдар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Ұсынылған материалдар байқау қатысушыларына қайтарылмайды.

## **Байқауға қатысушыларды марапаттау тәртібі**

**«Білім беру ұйымының табысты көшбасшысы»** облыстық байқауына қатысушылар дипломдармен және номинацияға сәйкес мақтау қағаздарымен марапатталады.

Үш жүлделі орындар тағайындалған: 1,2,3 дәрежелі диплом иелері және номинация иелері («Мектептің табысты менеджері», «ШЖМ табысты менеджері»).

**САУАЛНАМА**  
(қатысушы толтырады)



1. А.Т.Ә. (толық) \_\_\_\_\_
2. Туған күні, айы, жылы: \_\_\_\_\_
3. Отбасылық жағдайы: \_\_\_\_\_
4. Білімі, бітірген оқу орнының атауы: \_\_\_\_\_
5. Ғылыми атағы, дәрежесі: \_\_\_\_\_
6. Біліктілікті арттыру (екінші білім, курстар, тәжірибе т.б) \_\_\_\_\_

7. Қазіргі уақыттағы жұмыс орны \_\_\_\_\_

8. Басшылық қызметтегі жұмыс өтілі: \_\_\_\_\_

9. Соңғы жылдағы сіздің ұйымның маңызды жетістігі және оған сіздің қосқан үлесіңіз: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

15. Ақпарат жіберілген мекен-жай: \_\_\_\_\_

e-mail: \_\_\_\_\_

қаланың коды \_\_\_\_\_ телефон \_\_\_\_\_

факс \_\_\_\_\_

(қатысушы қолы)